



Процедуралық құжаттар

«KM LIFE» ӨСК» АҚ-та инсайдерлік ақпаратқа
билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау
Ережесі

PD-26-183

2 редакция

«22» 06

2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Негізгі бет

«KM Life» ӨСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
шешімімен
БЕКІТІЛДІ

«22» 06 2023 ж.
№ 24 хаттама



**«KM LIFE» ӨСК» АҚ-та инсайдерлік ақпаратқа
билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау
ЕРЕЖЕСІ**

Бұл құжат «KM Life» ӨСК» АҚ меншігі болып табылады. Бұл құжатты ұйымнан тыс шығару Компания басшысының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

Алматы қ.
2023

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер.....	3
§ 1. Мақсаты және қолдану саласы	3
§ 3. Терминдер, анықтамалар, қысқартулар және аббревиатурлар	4
2-тарау. Инсайдерлік ақпаратқа қатысты ақпарат тізімі. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері.....	5
4-тарау. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын адамдардың тізімін жүргізу, оны өзекті күйде ұстау, сондай-ақ оларды тізімнен шығару тәртібі.....	9
5-тарау. Инсайдерлер тізімінен енгізілген (шығарылған) жағдайларда адамдарды хабардар ету тәртібі мен мерзімдері.....	9
6-тарау. Компанияның инсайдерлері болып табылатын заңды тұлғалардың өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты компанияның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлері туралы компанияға ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері.....	10
7-тарау. Қорытынды ережелер	10
1 қосымшасы	11
2 қосымшасы	13
3 қосымшасы	14
4 қосымшасы	16

1-тарау. Жалпы ережелер

§ 1. Мақсаты және қолдану саласы

1. Осы «КМ Life» ӨСК» АҚ-та инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау ережесі (бұдан әрі – Ереже) «КМ Life» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Компания) инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды бақылау жөніндегі Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - ҚР) заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етуі мақсатында әзірленді.

2. Ереже инсайдерлік ақпаратқа қатысты ақпараттың тізбесін айқындайды, Компанияның инсайдерлік ақпаратын бақылау, оған билік ету және пайдалану тәртібін, сондай-ақ Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімін жүргізу, оны өзекті күйде ұстау талаптарын белгілейді.

3. Ережені іске асыруға қатысатын Компанияның барлық қызметкерлері оның талаптарын орындауға жауапты. Ереженің сақталуын бақылау Компанияның инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын барлық басшы қызметкерлеріне және құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

4. Компанияның және оның лауазымды адамдарының, сондай-ақ Компанияның өзге де қызметкерлерінің ҚР заңнамасының және Ереженің талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше заң бөлімшесі болып табылады.

§ 2. Нормативтік сілтемелер

НҚА, ИНҚ құжаттың болуы туралы талабы	Ия: Қазақстан Республикасының «Құнды қағаздар нарығы туралы» Заңының 56-1 бабы
НҚА, ИНҚ құжаттың мазмұнына талаптары	Ия: 1) Қазақстан Республикасының «Құнды қағаздар нарығы туралы» Заңының 56-1 бабы, 1 бабының 35), 36), 104) тармақшалары; 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 шілдедегі №124 қаулысымен бекітілген, эмитенттің қызметіне қатысты және жалпыға ортақ болып табылмайтын ақпаратты ашу ережелері және шарттары.
Пайдаланылған НҚА, ИНҚ тізбесі	Ия: 1) Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы» кодексінің 262 бабы 4 тармағы; 2) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 230 бабы; 3) Қазақстан Республикасының «Құнды қағаздар нарығы туралы» Заңының 102 бабы; 4) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 79 бабы; 5) Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидаларын, Эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 189 Қаулысы;

	<p>6) Сақтандыру ұйымдары таратылған, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дереккор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған жағдайда, сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 259 Қаулысы;</p> <p>7) «КМ Life» ӨСК» АҚ WEB-сайтында ақпаратты орналастыру тәртібі (бұдан әрі-сайтта ақпаратты орналастыру тәртібі);</p> <p>8) «КМ Life» ӨСК» АҚ қаржылық есептілік депозитариінің интернет-ресурсындағы қызмет туралы ақпаратты ашу қағидалары.</p>
--	---

§ 3. Терминдер, анықтамалар, қысқартулар және аббревиатурлар

5. Осы Ережеге қатысты мынадай терминдер, анықтамалар, қысқартулар және аббревиатуралар пайдаланылады:

<p>бас бухгалтердің орынбасары инсайдер инсайдерлік ақпарат</p>	<p>бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімшесінің бас бухгалтерінің орынбасары; инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлға; бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы, коммерциялық құпияны құрайтын анық ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, ашылуы құнның өзгеруіне және бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) және олардың эмитентінің қызметіне әсер етуі мүмкін өзге де ақпарат;</p>
<p>ҚЕД интернет-ресурсы</p>	<p>бұқаралық ақпарат құралы, интернет желісінде мына мекенжай бойынша орналастыру «www.dfo.kz»;</p>
<p>бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау</p>	<p>инсайдерлік ақпаратты пайдалана отырып мәміле жасауға арналған қағазбен немесе өзге де қаржы құралымен қаржы нарығы субъектілерінің бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының, оның ішінде шетел валюталары мен туынды қаржы құралдарының бағаларын (бағамдарын) белгілеуге және (немесе) ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде белгіленгендерден жоғары немесе төмен ұстап тұруға, бағалы қағаздар саудасының көрінуін жасауға бағытталған іс-әрекеттері;</p>
<p>уәкілетті орган</p>	<p>Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі;</p>

эмитент	эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыратын тұлға;
ІНҚ	ішкі нормативтік құжат;
ҚЕД	қаржылық есептілік депозитарийі («Ақпараттық - есеп орталығы» АҚ) ҚЕД интернет-ресурсында инсайдерлік ақпаратты уақтылы орналастыруға жауапты Компания қызметкері (www.dfo.kz), Компанияның интернет-ресурсы, актуарийлер, бухгалтерлік есеп және есептілік, ішкі бақылау, инвестициялар, маркетинг, комплаенс, жоспарлау және талдау, тәуекелдерді басқару, персоналды басқару, шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі бөлімше, заң бөлімшесі;
ЖҚ	актуарийлер бөлімшесі;
АБ	бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімшесі;
БЕЖЕБ	ішкі қадағалау бөлімшесі;
ІҚБ	инвестиция бөлімшесі;
ИБ	маркетинг бөлімшесі;
МБ	комплаенс бөлімшесі;
КБ	жоспарлау және талдау бөлімшесі;
ЖжТБ	тәуекелдерді басқару бөлімшесі;
ТББ	қызметкерлерді басқару бөлімшесі;
ҚББ	шаруашылық қамтамасыз ету бөлімшесі;
ШҚЕБ	бағалы қағаздар нарығы;
БҚН	заң бөлімшесі.
ЗБ	

6. Ережеде пайдаланылатын, бірақ Ереженің 4-тармағында көрсетілмеген терминдер, анықтамалар, қысқартулар мен аббревиатуралар өзге де ішкі нормативтік құжаттарында, сондай-ақ ҚР қолданыстағы заңнамасында айқындалғандай мағынада қолданылады.

2-тарау. Инсайдерлік ақпаратқа қатысты ақпарат тізімі. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері

7. Компанияның инсайдерлік ақпаратына мыналар жатады:
- 1) Компанияның ағымдағы қаржылық есептілігі;
 - 2) пруденциалдық нормативтердің сақталуы туралы мәліметтерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, қаржылық есептіліктен басқа, Компанияның қаржылық жағдайына қатысты өзге де мәліметтер;
 - 3) ҚЕД-те орналастырылған сәтке дейінгі жылдық қаржылық есептілік;
 - 4) бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Компания қызметіндегі өзгерістер туралы ақпарат ресми мемлекеттік көздерде және/немесе ҚЕД-те орналастырылғанға дейін;
 - 5) Ресми жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінде орналастырылған сәтке дейін Компанияның корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат:
 - a) ол туралы ақпарат акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс акционерлердің жалпы жиналысы мен Компанияның Директорлар кеңесі қабылдаған мәселелер тізбесі бойынша шешімдер;
 - b) Компанияның Директорлар кеңесінің, атқарушы органының (басқармасының) және өзге де ішкі алқалы органдарының құрамын өзгерту;
 - c) дауыс беретін акциялардың жалпы санының 10 (он) және одан да көп пайызын иеленетін Компания акционерлерінің құрамын өзгерту;
 - d) эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне өзгерістер;
 - e) Компанияның мемлекеттік емес облигациялар шығару проспектісінде көзделген талаптарды сақтамауы, Компания жол берген дефолт фактілері туралы ақпарат;
 - f) Компанияның акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Компанияның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Компанияның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Компанияның бағалы қағаздарын жоюы;

- g) Компанияның бағалы қағаздарын және/немесе өзге де ақшалай міндеттемелерін жай акцияларға айырбастау;
 - h) Компанияның мынадай талаптарға бір мезгілде жауап беретін ірі мәмілелер мен мәмілелер жасауы: жасауға мүдделілігі бар мәмілелер болып табылатын және Компанияның уәкілетті органы осындай мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдаған күні құны Компания активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты;
 - i) Компания активтерінің 5 (бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Компания мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;
 - j) Компанияның Компанияның меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы;
 - k) Компанияның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсаттар/лицензиялар алуы, қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға Компания бұрын алған лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұруы немесе тоқтатуы;
 - l) баланстық құны қазу активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын Компанияның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;
 - m) Компанияны және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
 - n) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;
 - o) Компанияны қайта құру немесе тарату;
 - p) Компанияны мәжбүрлеп қайта құру туралы шешімдер;
 - q) құны Компания активтерінің жалпы баланстық құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын Компанияның мүлкіне тыйым салу (тұтқыннан алу);
 - г) Жарғыға, сондай-ақ Компанияның бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Компания акционерлері мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар;
- б) Компания инсайдерлік ақпаратқа жатқызған, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес инсайдерлік ақпарат ретінде айқындалатын өзге де ақпарат.
8. Ақпарат пайда болған сәттен бастап және ол ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес адамдардың шектеусіз тобына ашылған сәтке дейін инсайдерлік болып табылады.
9. Инсайдерлік ақпаратқа мыналар жатпайды:
- 1) инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) Компанияның бағалы қағаздарымен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар дайындау мақсатында жүргізілген, Компанияның бағалы қағазының (туынды қаржы құралының) құнына, Компанияның мүліктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат;
 - 2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;
 - 3) шығу көзі белгісіз, адамдардың кең ауқымы арасында таратылатын расталмаған ақпарат, сондай-ақ Компанияның ағымдағы немесе жоспарланатын қызметіне қатысты болжамдар.
10. Инсайдерлік ақпаратты ҚЕД сайтында және (немесе) Компанияның корпоративтік сайтында орналастыруға ұсынғаны үшін жауапкершілік осы ақпаратты тасымалдаушы болып табылатын құрылымдық бөлімшелерге жүктеледі. Оны уақтылы орналастыру үшін инсайдерлік ақпаратты беру мерзімдері Ереженің 26-тармағында белгіленген.
11. ҚЕД сайтында инсайдерлік ақпаратты орналастырғаны үшін, Компанияның инсайдерлерін жүргізгені және есепке алғаны үшін жауапты қызметкер заң бөлімшесінің қызметкері, ал Компанияның корпоративтік сайтында инсайдерлік ақпаратты орналастырғаны үшін – маркетинг бөлімшесінің қызметкері болып табылады.
12. Жауапты қызметкер Ережеге 1-қосымшада белгіленген жағдайларда, тәртіппен және мерзімдерде ҚЕД сайтында және (немесе) Компанияның корпоративтік сайтында мемлекеттік және орыс тілдерінде инсайдерлік қатысты ақпаратты орналастырады.

13. Ереженің 26-тармағына сәйкес инсайдерлік ақпаратты ашудың белгіленген мерзімі болмаған кезде орналастыру Компанияның интернет-ресурсында жүзеге асырылады немесе уәкілетті органның назарына 10 (күнтізбелік он) күн ішінде жеткізіледі.


3-тарау. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және инсайдерлердің мұндай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу үшін ішкі бақылау қағидалары

14. Компанияның инсайдерлері мыналар болып табылады:

- 1) Директорлар кеңесінің төрағасы және мүшелері, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің мүшелері;
- 2) басқарма төрағасы және мүшелері;
- 3) активтер мен міндеттемелерді басқару жөніндегі кеңестің төрағасы мен мүшелері;
- 4) андеррайтингтік кеңестің төрағасы және мүшелері;
- 5) осы тармақтың 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген органдардың хатшылары;
- 6) басқарушы директорлар, бас бухгалтер, бас бухгалтердің орынбасары;
- 7) жауапты бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері:
 - a) қаржылық есептілікті жасау және орналастыру, активтерді инвестициялау (БЕЖЕБ, ЖЖТБ, ИБ, АБ);
 - b) корпоративтік басқару (ЗБ);
 - c) ішкі аудит (ІАБ);
- 8) КБ және ТББ қызметкерлері;
- 9) Компанияның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) немесе одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иеленуіне, пайдалануына және (немесе) билік етуіне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалар;
- 10) талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашу көзделген жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес Компанияның қызметтерін көрсететін аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және басқа да тұлғалар;
- 11) оның тізіміне Компания шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;
- 12) оларға берілген функциялар мен өкілеттіктерге байланысты компанияның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын уәкілетті органның және оның ведомствосының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер;
- 13) осы тармақтың 9) -11)-тармақшаларында көрсетілген, оларға берілген өкілеттіктеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар компания және ұйымдар мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар;
- 14) осы тармақтың 9)-11) және 13)-тармақшаларында көрсетілген, өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын ұйымдардың қызметкерлері;
- 15) осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпарат алған тұлғалар.

15. Компания және ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды бақылау мынадай іс-шараларды, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, өткізу жолымен жүзеге асырылады:

- 1) егер бұл ақпарат эмитенттің мүліктік және қаржылық жағдайы үшін салдарларға байланысты осы эмитент шығарған (ұсынған) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына ықпал етуге қабілетті болса, Компанияның уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және шарттарда оның қызметіне қатысты және жалпыға қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты ашуы;
- 2) Ереженің 14-тармағының 1)-11)-тармақшаларында көрсетілген эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалар тізімін жүргізу және өзекті күйде ұстау;
- 3) Ереженің 14-тармағының 1-11)-тармақшаларында көрсетілген тұлғалар тізіміне енгізілген тұлғаларды тізімге (тізімнен) енгізу (алып тастау) туралы хабардар етуге, аталған тұлғаларды инсайдерлік ақпаратқа билік ету және пайдалану бөлігінде заңнама



мен Ереженің талаптары туралы хабардар етуге;

- 4) уәкілетті органға Ереженің 14-тармағының 1) және 2)-тармақшаларында көрсетілген тізімге енгізілген адамдардың тізімін ұсынуға (оның талабы бойынша);
- 5) Ережеле көзделген өзге де іс-шараларды жүзеге асыру.

16. Компания қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін және қызметтік қажеттілік жағдайында – өкілеттіктер шегінде және лауазымдық нұсқаулықтарда, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерде, сондай-ақ компанияның ІНҚ-да көзделген шарттарда инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алады.

17. Инсайдерлерге тек келісімшарттық/лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығы беріледі.

18. Инсайдерлердің міндеттері:

- 1) Инсайдерлер – Ереженің 14-тармағының 10)-11) және 13)-тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар:
 1. өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты осы заңды тұлғалар өздеріне қатысты инсайдерлер деп танылған компанияның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;
 2. өз қызметкерлерін инсайдерлік ақпарат пен Ережелерді пайдалануға тыйым салу бөлігінде ҚР заңнамасының талаптары туралы хабардар етуге;
 3. осы заңды тұлғаларға қатысты танылған инсайдерлер туралы, өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты компанияның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлері туралы компанияны хабардар етуге (компанияның сұрауы бойынша – сұрау салуды алған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде) міндетті. Өз инсайдерлері туралы ақпаратты уақтылы беру туралы жауапкершілікті Компанияға қатысты инсайдерлер деп танылған заңды тұлғалар көтереді;
 4. қызметкерлердің, Компанияның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын лауазымды тұлғалардың, олар қол жеткізе алатын Компанияның инсайдерлік ақпаратына қатысты құпиялылықты сақтауын қамтамасыз етуге міндетті.

19. Инсайдерлердің жалпы міндеттері:

- 1) инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануға және таратуға жол бермеу және қорғау үшін оларға байланысты барлық шараларды қолдану;
- 2) инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттар мен ақпаратты оларды үшінші тұлғаларға жеткізу (беру) кезінде, сондай-ақ оларды үшінші тұлғалардан алу кезінде инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланудан және ашудан қорғауды көздейтін шараларды сақтау;
- 3) компанияның бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдаланбау;
- 4) ҚР заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеу;
- 5) инсайдерлік ақпаратқа негізделген компанияның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды үшінші тұлғаларға бермеу;
- 6) бағалы қағаздар нарығында қалыптасатын жағдайға, сондай-ақ Компанияның бағалы қағаздарының болашақ бағасына ықпал ету мақсатында Компания туралы анық емес мәліметтерді таратпау;
- 7) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында Компанияның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасамау;
- 8) Компанияның инсайдерлік ақпаратын өз мүдделерінде және (немесе) үшінші тұлғалардың мүдделерінде пайдалана отырып, Компанияның бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасамау;
- 9) инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу қатері туындаған немесе фактісі анықталған не инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттар (ақпарат тасығыштар) жоғалған кезде компанияны дереу хабардар ету.

20. Компания қызметкерлері болып табылмайтын инсайдерлерді Ережемен таныстыру Ережені немесе олардан үзінділерді орналастыру жолымен жүзеге асырылады. Ереженің қағаздағы көшірмесі Компанияның инсайдерлеріне олардың жазбаша сұрауы бойынша беріледі.

4-тарау. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын адамдардың тізімін жүргізу, оны өзекті күйде ұстау, сондай-ақ оларды тізімнен шығару тәртібі

21. Заң бөлімшесі инсайдерлер тізіміне Ереженің 14-тармағының 1)-11)-тармақшаларында көрсетілген адамдарды ғана енгізеді.

22. Заң бөлімшесі инсайдерлер тізімін Ереженің 7-тармағында көрсетілген деректер негізінде және/немесе өз ақпараты негізінде тұрақты негізде жасайды және жүргізеді;

23. Ереженің 14-тармағында көрсетілген тұлғалар бойынша инсайдерлердің жалпы тізіміне енгізу үшін Компанияның инсайдерлермен өзара іс-қимыл жасайтын жауапты құрылымдық бөлімшесі Ереженің 1-кестесіне сәйкес заңбөлімшесіне мынадай ақпаратты ұсынады.

1-кесте

№ р/н	ДЕРЕКТЕРДІҢ АТАУЫ
1.	ИНСАЙДЕРЛЕР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗУГЕ ЖӘНЕ ИНСАЙДЕРЛЕР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАНЫ РЕСІМДЕУГЕ АРНАЛҒАН ДЕРЕКТЕР
1.1.	жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса – әкесінің аты) және оның туған күні не заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік (қайта) тіркелгенін растайтын құжаттың деректемелері (осындай құжаттың нөмірі мен күні);
1.2.	инсайдерлер тізіміне енгізудің негізі;
1.3.	инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздің пайда болу күні;
1.4.	хабарламаларды жіберу үшін пошта (нақты) мекенжайы және жарамды электрондық пошта мекенжайы.
2.	ИНСАЙДЕРЛЕР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ӨЗГЕРТУГЕ АРНАЛҒАН ДЕРЕКТЕР
2.1.	жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса – әкесінің аты) не заңды тұлғаның атауы;
2.2.	өзгеруге жататын ақпаратты көрсету.
3.	ТҰЛҒАЛАРДЫ ИНСАЙДЕРЛЕР ТІЗІМІНЕН ШЫҒАРУҒА АРНАЛҒАН ДЕРЕКТЕР
3.1.	жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса – әкесінің аты) не заңды тұлғаның атауы;
3.2.	адамды инсайдерлер тізімінен шығарудың негізі;
3.3.	адамды инсайдерлер тізімінен шығару үшін негіздің пайда болу күні;

24. Заң бөлімшесі Ережеге 2-қосымшаның нысаны бойынша уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес инсайдерлер тізімін жасайды.

25. Ереженің 14-тармағында көрсетілген бөлімшелердің басшылары ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына, сондай-ақ оны беру мерзімдерінің сақталуына және оны өзекті күйде ұстауға (оның ішінде инсайдерлер деректемелерінің өзектілігі бөлігінде) дербес жауапты болады.

26. Ереженің 14-тармағында көрсетілген тұлғалар бойынша ақпарат заң бөлімшесіне мынадай тәртіппен беріледі (не бұрын берілген ақпараттың өзектілігі расталады):

- 1) тоқсан сайын – есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың 1 (бірінші) күнінен кешіктірмей (өзгерістер болған кезде);
- 2) инсайдерлер тізімі өзгерген кезде-өзгерту үшін негіз пайда болған күні.

27. Алынған ақпараттардың негізінде заң бөлімшесі:

- 1) Компания инсайдерлерінің тізімін өзектендіреді;
- 2) инсайдерлер тізімін оның талабы бойынша уәкілетті органға ұсынуды қамтамасыз етеді.

5-тарау. Инсайдерлер тізімінен енгізілген (шығарылған) жағдайларда адамдарды хабардар ету тәртібі мен мерзімдері

28. Заң бөлімшесі Ереженің 14-тармағында көрсетілген тұлғаларды Ережеге 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша мынадай тәртіппен инсайдерлер тізіміне енгізу (инсайдерлер тізімінен шығару) туралы жазбаша хабардар етеді.

29. Хабарламалар осындай тұлғалар инсайдерлер тізіміне енгізілген (инсайдерлер тізімінен шығарылған) күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

30. Инсайдерлер тізіміне енгізілген (шығарылған) тұлғалар бойынша хабарламалар компанияның қалауы бойынша жіберіледі:

- 1) пошта арқылы қағаз жеткізгіште (хабарламасы бар хатпен) - олардың пошта мекенжайларына;
- 2) электрондық түрде электрондық пошта арқылы - олардың электрондық мекенжайларына;
- 3) қолма-қол беріледі.

31. Хабарламаларды уақтылы жіберу үшін заң бөлімшесі жауапты болады.

32. Ереженің 14 – тармағының 1)-11) тармақшаларында көрсетілген адамдар заң бөлімшесі инсайдерлер тізіміне енгізу (сайлау, тағайындау, шарт жасасу және т. б.) немесе өз бетінше қажетті ақпаратты алу үшін негіздеменің туындағаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей енгізіледі және алып тастау үшін негіздеменің туындағаны туралы хабарламаны алған күннен бастап (өкілеттігін тоқтату, шартты тоқтату және т.б.) 1 (бір) жұмыс күннен кешіктірілмей алып тасталады.

6-тарау. Компанияның инсайдерлері болып табылатын заңды тұлғалардың өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты компанияның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлері туралы компанияға ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері

33. Компанияның инсайдерлері болып табылатын заңды тұлғалар өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Компанияның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлері туралы компанияны тиісті жазбаша сұрау салуды алған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде немесе тұрақты негізде дербес, бірақ есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

34. Компанияның инсайдерлері болып табылатын заңды тұлғалар Компанияның инсайдерлік ақпаратын және ережелерін пайдалануға тыйым салу бөлігінде ҚР заңнамасының талаптарын сақтау үшін дербес жауапты болады, оның ішінде:

- 1) өз қызметкерлерін (лауазымды адамдарды қоса алғанда) қызметкерлердің (лауазымды адамдарды қоса алғанда) компанияның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуін беру және/немесе олардың қол жеткізуін тоқтату (күшін жою) туралы уақтылы хабардар ету;
- 2) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты компанияның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлері туралы компанияны уақтылы хабардар ету (компанияның сұрауы бойынша).

7-тарау. Қорытынды ережелер

35. Ережеге барлық өзгерістер мен толықтырулар немесе осы құжатты жоғалтуға қою ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

36. Ережеде көзделмеген мәселелер ҚР заңнамасына, Компанияның уәкілетті органдарының және басқа да ішкі нормативтік құжаттардың шешімдеріне сәйкес шешіледі.

37. Егер ҚР заңнамасын өзгерту нәтижесінде Ережелердің жекелеген нормалары оған қайшы келсе, осы нормалардың күші жойылады және Ережелерге тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін ҚР қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алу қажет.

38. Ережелерді уақтылы өзектендіру үшін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес заң бөлімшесі жауапты болады.



**Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілген «KM Life» ӨСК» АҚ-да
инсайдерлік ақпаратқа иелік ету
және пайдалануды ішкі бақылау ережелерінің
1 қосымшасы
2023 жылғы «22» 06
№ 24 хаттама**

№ р/н	Инсайдерлік ақпарат түрі	Жауапты құрылымдық бөлімше*	Интернет-ресурста орналастыру тәртібі мен мерзімдері	
			ҚЕД	Компанияның web-сайты
1	аудиторлық ұйым растаған компанияның алдыңғы 3 (үш) есептік жылдағы жылдық қаржылық есептілігі	БЕЖЕБ	жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей ҚР бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланумен бір мезгілде	жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей, сондай-ақ сайтта ақпаратты орналастыру тәртібіне сәйкес
2	компанияның аудиторлық ұйым растаған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі алдыңғы 3 (үш) есепті жыл үшін (қажет болған жағдайда)	БЕЖЕБ		
3	пруденциалдық нормативтердің сақталуы туралы мәліметтерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, қаржылық есептіліктен басқа, компанияның қаржылық жағдайына қатысты өзге де мәліметтер	БЕЖЕБ		
4	жыл қорытындысы бойынша атқарушы орган мүшелерінің жиынтық сыйақысы туралы ақпарат (жалақының және ақшалай нысандағы көтермелеудің барлық түрлерінің жиынтық мөлшері)	БЕЖЕБ, ҚББ	жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей	жарияланбайды
5	үлестес тұлғалар туралы мәліметтер	ЗБ	Есепті жылдың 1 қаңтарындағы, 1 сәуіріндегі, 1 шілдесіндегі және 1 қазанындағы жағдай бойынша тиісінше есепті жылдың 31 қаңтарынан, 30 сәуірінен, 31 шілдесінен және 31 қазанынан кешіктірілмейтін мерзімде	жарияланбайды
6	Компанияның басшы қызметкерлері туралы мәліметтер	ЗБ, ҚББ	органның құрамын сайлау (тағайындау) не өзгерту туралы шешім қабылданған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.	оларды тағайындаған (сайлаған, тиісті функцияларды берген) немесе басқа лауазымға ауыстырған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде, сондай-ақ сайтта ақпаратты орналастыру тәртібіне сәйкес
7	Эмитенттің қатысу үлестерінің 10 (он) және одан да көп пайызын иеленетін Компания акционерлерінің құрамындағы өзгерістер	ЗБ	бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде	бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан үзінді көшірмені алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, сондай-ақ сайтта ақпаратты

			өзгерістердің тіркелгенін растайтын құжаттарды алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде	орналастыру тәртібіне сәйкес
8	Компанияны қайта құру немесе тарату	ЗБ	соттың тиісті шешімі заңды күшіне енген күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде	жарияланбайды
9	құны Компания активтерінің жалпы баланстық құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын компанияның мүлкіне тыйым салу (мүлікті тыйым салудан алу).	ЗБ, ШҚЕБ	мүлікке тыйым салу (мүлікті тыйым салудан алу) туралы шешімді алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде.	жарияланбайды
10	Компания активтерінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын сомаға компания мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру	ЗБ, ШҚЕБ	күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде: компанияның мүліктің кепілі (қайта кепілі) туралы шарттың тіркелгенін растайтын құжаттарды алуы; кепілі тіркелуге жатпайтын мүлікке қатысты эмитент мүлкінің кепілі (қайта кепілі) туралы шарт жасасу.	жарияланбайды
11	Компанияның лицензиясын алу, тоқтата тұру немесе айыру	ЗБ	Компания лицензияны алу (тоқтату, тоқтата тұру) туралы құжаттарды алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде	лицензия берілген (қайта ресімделген) күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, сондай-ақ сайтта ақпаратты орналастыру тәртібіне сәйкес

* заң бөлімшесіне және меркетинг бөлімшесіне инсайдерлік ақпарат беруге жауапты құрылымдық бөлімше

Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілген «KM Life» ӨСК» АҚ-да
инсайдерлік ақпаратқа иелік ету
және пайдалануды ішкі бақылау ережелерінің
2 қосымшасы
2023 жылғы « 22 » 06
№ 24 хаттама

«KM Life» ӨСК»АҚ инсайдерлерінің тізімі

№ р/н	Жеке тұлғаның тегі, аты, болған жағдайда – әкесінің аты/занды тұлғаның атауы	Жеке тұлғаның туған күні/ тұрғылықты жері/жеке/занды тұлғаның орналасқан жері және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу / қайта тіркеу туралы мәліметтер	Инсайдерлер тізіміне енгізу негізі (өзгерістер)	Инсайдерлер тізіміне енгізу негізі (өзгерістер)Тіз імге енгізу (өзгерту)үшін негіздің пайда болу күні	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме	Тізімге қосу үшін негіздеме туындау күні	Инсайдерле р тізімінен шығару үшін негіздеме	Инсайдерлер тізімінен шығару үшін негіздеме пайда болған күн	Инсайдерлер тізімінен шығару күні	Хабарламалар ды жолдау үшін пошта (нақты) мекен- жайы және қолданыстағы электронды пошта мекен- жайы

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген
«КМ Life» ӨСК» АҚ-да инсайдерлік
ақпаратқа иелік ету және пайдалануды ішкі
бақылау ережелерінің
3 қосымшасы
2023 жылғы «22» 06
№ 24 хаттама

«КМ Life» ӨСК» АҚ инсайдерлер тізіміне жеке тұлғаны қосу
(тұлғаны инсайдерлер тізімінен шығару) туралы
ХАБАРЛАМА

№	I. «КМ Life» ӨСК» АҚ туралы мәліметтер	
1.1	Атауы	«КМ Life» ӨСК» АҚ
1.2	Хабарламаларға арналған мекен-жай	
1.3	Телефон нөмірі	
1.4	Электронды пошта мекен-жайы	

№	II. «КМ Life» ӨСК» АҚ инсайдерлері тізіміне енгізілген («КМ Life» ӨСК» АҚ инсайдерлері тізімінен шығарылған) тұлға туралы мәліметтер	
2.1	Инсайдердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	

№	III. Хабарламаны жолдаудың негізі туралы мәліметтер	
3.1	Хабарламаны жолдауының негізі («инсайдерлер тізіміне енгізу» немесе «инсайдерлер тізімінен шығару» деп көрсетіледі)	
3.2	Инсайдерлер тізіміне енгізген (инсайдерлер тізімінен шығарған) күн	
3.3	Инсайдерлер тізіміне енгізу (инсайдерлер тізімінен шығару) үшін негіздеме	

Инсайдерлердің жалпы міндеттері:

- 1) инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануға және таратуға жол бермеу және қорғау үшін оларға байланысты барлық шараларды қабылдау;
- 2) инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттар мен ақпаратты оларды үшінші тұлғаларға жеткізу (беру) кезінде, сондай-ақ оларды үшінші тұлғалардан алу кезінде инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланудан және ашудан қорғауды көздейтін шараларды сақтау;
- 3) «КМ LIFE» ӨСК» АҚ бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдаланбау;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеу немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеу;
- 5) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген «КМ LIFE» ӨСК» АҚ бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар бермеу;
- 6) бағалы қағаздар нарығында қалыптасатын жағдайға (бұдан әрі - БҚН), сондай-ақ «КМ LIFE» ӨСК» АҚ Бағалы қағаздарының болашақ бағасына ықпал ету мақсатында «КМ Life» ӨСК» АҚ туралы анық емес мәліметтерді таратпау;
- 7) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында «КМ LIFE» ӨСК» АҚ бағалы қағаздарымен мәмілелер жасамау;
- 8) өз мүдделері үшін және (немесе) үшінші тұлғалардың мүдделері үшін «КМ Life» ӨСК» АҚ инсайдерлік ақпаратын пайдалана отырып, «КМ Life» ӨСК» АҚ бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасамау;
- 9) инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу не инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттарды (ақпарат тасығыштарды) жоғалту қатері туындаған немесе фактісі анықталған кезде «КМ LIFE» ӨСК» АҚ-қа

дереу хабарлау.

Назарларыңызды мынаған аударамыз:

- 1) осы хабарламаны алған сәттен бастап Сізге қатысты «КМ Life» ӨСК» АҚ инсайдері ретінде «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 56-1-бабының 4-тармағында көзделген шектеулер және «КМ LIFE» ӨСК» АҚ ресми сайтында: www.kmlife.kz орналасқан «КМ LIFE» ӨСК» АҚ инсайдерлік ақпаратының өкімі мен пайдаланылуына ішкі бақылау ережесінде көзделген міндеттемелер енгізіледі;
- 2) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 262-бабының 4-тармағымен және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 230-бабымен инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік айқындалған;
- 3) «КМ LIFE» ӨСК» АҚ инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережесін бұзу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады (тек «КМ LIFE» ӨСК» АҚ жұмыскерлерінің инсайдерлері үшін).

Осы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей «КМ LIFE» ӨСК» АҚ-қа осы хабарламаның қол қойылған көшірмесіне қол қоюды және кері қайтаруды сұраймыз.

«КМ Life» ӨСК» АҚ тарапынан:

_____ (лауазымның атауы)

_____ (қолы, күні)

_____ (фамилия, атының бас әрпі)

Инсайдер тарапынан:

_____ (лауазымның атауы)

_____ (қолы, күні)

_____ (фамилия, атының бас әрпі)

**Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген
«KM Life» ӨСК» АҚ-да инсайдерлік
ақпаратқа иелік ету және пайдалануды ішкі
бақылау ережелерінің
4 қосымшасы
2023 жылғы « 22 » 06
№ 24 хаттама**

**«KM Life» ӨСК» АҚ инсайдерлер тізіміне жеке тұлғаны қосу
(тұлғаны инсайдерлер тізімінен шығару) туралы
ХАБАРЛАМА**

№	I. «KM Life» ӨСК» АҚ туралы мәліметтер	
1.1	Атауы	«KM Life» ӨСК» АҚ
1.2	Хабарламаларға арналған мекен-жай	
1.3	Телефон нөмірі	
1.4	Электронды пошта мекен-жайы	

№	II. «KM Life» ӨСК» АҚ инсайдерлері тізіміне енгізілген («KM Life» ӨСК» АҚ инсайдерлері тізімінен шығарылған) тұлға туралы мәліметтер	
2.1	Инсайдердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	

№	III. Хабарламаны жолдаудың негізі туралы мәліметтер	
3.1	Хабарламаны жолдауының негізі («инсайдерлер тізіміне енгізу» немесе «инсайдерлер тізімінен шығару» деп көрсетіледі)	инсайдерлер тізімінен шығару
3.2	Инсайдерлер тізіміне енгізген (инсайдерлер тізімінен шығарған) күн	
3.3	Инсайдерлер тізіміне енгізу (инсайдерлер тізімінен шығару) үшін негіздеме	

Инсайдерлердің жалпы міндеттері:

- 1) инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануға және таратуға жол бермеу және қорғау үшін оларға байланысты барлық шараларды қабылдау;
- 2) инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттар мен ақпаратты оларды үшінші тұлғаларға жеткізу (беру) кезінде, сондай-ақ оларды үшінші тұлғалардан алу кезінде инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланудан және ашудан қорғауды көздейтін шараларды сақтау;
- 3) «KM LIFE» ӨСК» АҚ бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдаланбау;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеу немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеу;
- 5) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген «KM LIFE» ӨСК» АҚ бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар бермеу;
- 6) бағалы қағаздар нарығында қалыптасатын жағдайға (бұдан әрі - БҚН), сондай-ақ «KM LIFE» ӨСК» АҚ Бағалы қағаздарының болашақ бағасына ықпал ету мақсатында «KM Life» ӨСК» АҚ туралы анық емес мәліметтерді таратпау;
- 7) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында «KM LIFE» ӨСК» АҚ бағалы қағаздарымен мәмілелер жасамау;
- 8) өз мүдделері үшін және (немесе) үшінші тұлғалардың мүдделері үшін «KM Life» ӨСК» АҚ инсайдерлік ақпаратын пайдалана отырып, «KM Life» ӨСК» АҚ бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасамау;
- 9) инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу не инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттарды (ақпарат тасығыштарды) жоғалту катері туындаған немесе фактісі анықталған кезде «KM LIFE» ӨСК» АҚ-қа

дереу хабарлау.

Назарларыңызды мынаған аударамыз:

- 1) осы хабарламаны алған сәттен бастап Сізге қатысты «KM Life» ӨСК» АҚ инсайдері ретінде «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 56-1-бабының 4-тармағында көзделген шектеулер және «KM LIFE» ӨСК» АҚ ресми сайтында: www.kmlife.kz орналасқан «KM LIFE» ӨСК» АҚ инсайдерлік ақпаратының өкімі мен пайдаланылуына ішкі бақылау ережесінде көзделген міндеттемелер енгізіледі;
- 2) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 262-бабының 4-тармағымен және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 230-бабымен инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік айқындалған;
- 3) «KM LIFE» ӨСК» АҚ инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануды ішкі бақылау ережесін бұзу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады (тек «KM LIFE» ӨСК» АҚ жұмыскерлерінің инсайдерлері үшін).

Осы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей «KM LIFE» ӨСК» АҚ-қа осы хабарламаның қол қойылған көшірмесіне қол қоюды және кері қайтаруды сұраймыз.

«KM Life» ӨСК» АҚ тарапынан:

(лауазымның атауы)

(қолы, күні)

(фамилия, атының бас әрпі)

Инсайдер тарапынан:

(лауазымның атауы)

(қолы, күні)

(фамилия, атының бас әрпі)



ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Редакция №	Онымен бекітілген ҰОҚ № және күні	Өзгертілген бөлімдердің, тараулардың, параграфтардың, құжат тармақтарының №	Өзгерістің атауы және қысқаша сипаттамасы	Құжаттың атауы және өзге де деректемелері - өзгертуге негіздеме (қажет болған жағдайда толтырылады)
1	Директорлар кеңесінің шешімі, 16.10.2020 жылғы №44 хаттама	құжаттың бүкіл мәтіні бойынша	ҚР заңнамасының және Компанияның ішкі процестерінің талаптарына сәйкес өзгерістер	

Пронумеровано и прошито на 18 листах

Председатель Правления АО "КСЖ "КМ Life"

Бекболатова Н.Б.

